

**АЙДЫН
АЙЫМБЕТОВ**

ӨМІРБАЯНЫ

1989 жылы Талдықорған қаласындағы № 20 орта мектепті алтын медальға бітірген соң, Авиацияның Бас маршалы П.С. Кутахов атындағы Армавир жоғары әскери авиация училищесіне түсіп, оны 1993 жылы «командалық, тактикалық жою авиациясы» мамандығы бойынша бітіріп, ұшқыш-инженер мамандығын алып шығады.



- 1993 жылдың мамыр айынан бері ҚР Әскери-әуе күштерінің қатарында әртүрлі қызметте болады. 1993 жылы өзін ғарышкерлер қатарына енгізу жөнінде өтініш білдіреді. Ол Талдықорған қаласы маңындағы әуе базасындағы әуе желісінің командирі болып қызмет еткен. Ол 470 сағат әуеде ұшып, парашютпен 360 рет секірген.



- Қазақстанның үшінші ғарышкері Айдын Айымбетов ғарышқа «Союз ТМА-16М» кемесімен 2 қыркүйек күні аттанып, 4 қыркүйек күні «Союз» Халықаралық ғарыш станциясына автоматты режимде сәтті түйісті.
- Айдын Айымбетовтың ғарышқа сапары он күнге созылды. Қыркүйектің 2–12 дейін. Он күнге созылған сапар барысында ол бірқатар физикалық- ғарыштық эксперименттер мен Арал және Каспий теңіздерінің экологиясына мониторинг жүргізіп шаңды дауылды зерттеді. Сонымен қатар қазақтың ұлттық тағамдарын самақсыздықта дегустациялады.

- Ал, 2009 жылдың 15-желтоқсанында А. Айымбетов Мемлекеттік Ант қабылдап, «Қазғарыш» басшысының кеңесшісі болады. 2014 жылы оған ҚР Әскери-әуе күштерінің полковнигі атағы берілді.



